

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік мемлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 2 наурызыдағы N 237 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж ., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24, 25-құжаттар; N 8, 45-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат; 2007 жылғы 6 ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 3 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Жалпы және Ерекше бөлімдер)" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9 9 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өнертабысқа құқықтар - инновациялық патентпен немесе патентпен, ал пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады.";

5-тармақтағы "Алдын ала" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзben ауыстырылсын;

2) 992-баптың 1 және 3-тармақтарындағы "патентпен" деген сөз "инновациялық патентпен немесе патентпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 993-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "алдын ала", "алдын ала берілетін" деген сөздер тиісінше "инновациялық" деген сөзben ауыстырылсын;

4) 994-баптың 2-тармағындағы "патентке" деген сөз "корғау құжатына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 996-баптағы "алдын ала берілетін" деген сөздер "инновациялық" деген сөзben ауыстырылсын;

6) 9 9 8 - б а п т а :

тақырыптағы "Алдын ала" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзben ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті орган берген өнертабысқа инновациялық патент, патент, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент қолданылады.";

3 - т а р м а қ т а :

"алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"және өнеркәсіптік үлгіге арналған" деген сөздер алып тасталсын;

"пайдалы модельге" деген сөздерден кейін "және өнеркәсіптік үлгіге" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 9 9 9 - б а п т а :

тақырыптағы "Алдын ала берілетін" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Алдын ала берілетін" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "алдын ала берілетін", "бес", "ұш" деген сөздер тиісінше "инновациялық", "ұш", "екі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

"тек патент берілгеннен кейін ғана" деген сөздер "инновациялық патент немесе патент берілгеннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Патент беруден" деген сөздер "Патент немесе инновациялық патент беруден" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 1000-баптағы "Алдын ала", "алдын ала" деген сөздер тиісінше "Инновациялық", "инновациялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 1 0 0 3 - б а п т а :

тақырыптағы "Алдын ала" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"патентті бұзу" деген сөздер "инновациялық патент пен патентті бұзу" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 1004-баптың 2-тармағындағы "алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-

құжаттар; N 3, 22-құжат, N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжаттар; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар, N 13, 85-құжат; N 16, 97, 98, 103-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 жылғы 17 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 30 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2007 жылғы 24 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 25 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2007 жылғы 27 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 10 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2007 жылғы 3 ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 13 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

- 1) 499-1-баптың 1) тармақшасындағы "алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзben ауыстырылсын;
- 2) 507-баптың 2-тармағының 12) тармақшасындағы "алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзben ауыстырылсын.

3. "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 655-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат):

1) орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айрықша құқық - патент иесінің селекциялық жетістікті өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы;

2) апелляциялық кеңес - уәкілетті органның дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі бөлімшесі ;

3) асыл тұқымды мал - тұқым типіне, бағытына және өнімділік деңгейіне, стандартына сай келетін шығу тегі құжатпен расталған таза тұқымды, жоғары сыныпты, өнімділігі жоғары мал ;

4) асыл тұқымдық өнім (материал) - асыл тұқымды мал, оның ұрығы, эмбриондары;

5) Ауыл шаруашылық дақылдарының сортын сынақтан өткізу жөніндегі

мемлекеттік комиссия - өсімдік сорттарының патентке қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығына сараптама жасауды жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның қарауындағы ұйым;

6) бюллетень - селекциялық жетістіктерді қорғау мәселелері жөніндегі ресми м е р з і м д і к б а с ы л ы м ;

7) лицензиялық шарт - патент иесі (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) селекциялық жетістікті белгілі бір түрде уақытша пайдалану құқығын беретін шарт;

8) мемлекеттік комиссиялар - агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның Ауылшаруашылық дақылдарының сорттың сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мен Тұқымдарды сынақтан өткізу және сапасын анықтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы;

9) отырғызылатын материал - репродукциялық және вегетациялық түрде көбейетін материалды қоса алғанда, кез келген түрдегі отырғызылатын материал (тұқым, көшет, өсімдіктер және өсімдіктердің оларды көбейтуге арналған бөліктері);

10) өтініш беруші - селекциялық жетістікке патент беруге өтінім берген жеке н е м е с е з а н д ы т ұ լ ғ а ;

11) патент иеленуші - патенттің иесі;

12) патенттік сенім білдірілген өкілдер - жеке және занды тұлғалардың уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдындағы өкілдігіне Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

13) селекциялық жетістік - адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын өсімдіктің патент берілген жаңа сортты, жануарлардың жаңа тұқымы;

14) селекциялық жетістік авторы (селекционер) (бұдан әрі - автор) - сортты, тұқымды жасаған, тапқан немесе өсіріп шығарған жеке адам;

15) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі - Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізілімі мен Қазақстан Республикасының патенттер берілген сорттарды, тұқымдарды қамтитын қорғалатын жануарлар тұқымдарының мемлекеттік тізілімі;

16) Селекциялық жетістіктердің пайдалануға рұқсат етілген мемлекеттік тізілімі - пайдалануға рұқсат етілген, өндірісте шаруашылықта пайдалану үшін рұқсат етілген сортты, тұқымды қамтитын, Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерінің м е м л е к е т т і к т і з і л і м і ;

17) сорт - шаруашылық және биологиялық жағынан қасиеттері мен морфологиялық белгілері үқсас, шығу тегі жағынан туыс, өз белгілерін тұқым қуалау арқылы келесі үрпақтарға беретін және белгілі бір ботаникалық таксондағы өсімдіктердің басқа топтарынан ең болмағанда бір белгісі бойынша ерекшеленетін бір дақылдың өсімдіктер тобы. Сорттың қорғалатын санаттары: клон, желі, бірінші үрпақ буданы, жеке түр болып т а б ы л а д ы ;

18) тауарлық жануар - тауарлық өнім өндіру үшін пайдаланылатын жануар;

19) тұқым - белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайларда адамның шығармашылық қызметінің әсерімен қалыптасқан, "өз ішінде" ұзак уақыт өсіп-өнуі үшін саны жеткілікті және шаруашылық және асыл тұқымдық құндылыққа ие, іріктеу, таңдау, олардың генотипіне сай келетін технологиялық жағдайлар жасау арқылы қалыпты күйі сақталатын, сондай-ақ оны бір түрдегі басқа тұқымдардан ерекшелейтін морфологиялық, физиологиялық және шаруашылық жағынан пайдалы қасиеттерінде белгілі бір ерекшелігі бар жалпы шығу тегі ортақ ауыл шаруашылық жануарларының бір түрінің тобы. Тұқымның қорғалатын санаттары: тип, кросс, желі болып табылады;

20) Тұқымдарды сынақтан өткізу және сапасын анықтау жөніндегі мемлекеттік комиссия - жануарлар тұқымдарының патентке қабілеттілігіне және шаруашылыққа пайдалылығына сараптама жасауды жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның консультативтік-кеңесші органы;

21) ұрық (тұқым) - тұқымдық материалдың барлық ботаникалық нысандары: тұқымның өзі, жемістер, дән шоғыры, күрделі жемістердің бөліктері, баданалар мен түйнектер.";

3) 3-баптың 3-тармағы "сынақтан өткізуді" деген сөздерден кейін "селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы қызмет түрі ретінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 5-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сараптама жүргізуге арналған өтінімді мәні бойынша қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды.";

5) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Селекциялық жетістіктің ұсынылған атауының дұрыстығын тексеруді мемлекеттік комиссиялар жүзеге асырады.";

6) 7-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Қазпатентке" деген сөз "сараптама жасау үйіміна" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 1999 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасының патент заңы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 718-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айрықша құқық - өнеркәсіптік меншік объектісін өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға патент иеленушінің мүліктік құқығы;

2) бюллетень - өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі ресми м е р з і м д і к б а с ы л ы м ;

3) зияткерлік меншік объектілері - зияткерлік қызмет нәтижелері және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді д а р а л а н д ы р у қ ұ р а л д а р ы ;

4) қорғау құжаттары - осы Заңға сәйкес берілген өнертабыстарға инновациялық патенттер мен патенттер, өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы модельдерге патенттер;

5) қызметтік өнертабыс - қызметкердің өз қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау кезінде жасаған өнеркәсіптік меншік обьектілері;

6) лицензиялық шарт - патент иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) өнеркәсіптік меншік обьектісін белгілі бір түрде уақытша пайдалану құқығын беруш артый;

7) өнеркәсіптік меншік обьектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіптік үлгілер;

8) Париж конвенциясы - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге 1883 жылғы 20 наурыздағы өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы;

9) патент иеленуші - қорғау құжатының иесі;

10) патентке қабілеттілік шарттары - өнеркәсіптік меншік обьектілеріне құқықтық қорғауды берудің осы Заңда көзделген шарттары;

11) патентtelgen өнеркәсіптік меншік обьектілері - қорғау құжаттары берілген өнеркәсіптік меншік обьектілері;

12) патенттік сенім білдірілген өкілдер - жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті орган мен сараптама жасау үйімі алдындағы өкілдігіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары.;"

2) 5 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өнертабысқа құқық инновациялық патентпен немесе патентпен, ал пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгіге - патентпен қоргалады.

2. Өнертабысқа инновациялық патент өнертабысқа инновациялық патент беруге өтінімге сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі. Пайдалы модельге патент пайдалы модельге патент беруге өтінімге жүргізілген сараптаманың нәтижесі бойынша беріледі.

Өнертабысқа және өнеркәсіптік үлгіге патент өтінімге ресми сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі.

Инновациялық патент пен патент өнеркәсіптік меншік обьектісіне басымдықты, авторлықты және ерекше құқықты куәландырады. Инновациялық патент өтінім берушіге дүниежүзілік жаңалыққа және өнертабыстық деңгейге қатысты тәуекелімен және жауапкершілігімен беріледі.";

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "алдын ала", "бес", "үш" деген сөздер тиісінше "инновациялық", "үш", "екі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатымен" деген сөздер "өнеркәсіптік үлгіге патентпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе хайуанндар клеткаларының көбеюіне), әдіске (материалдық объектімен іс-әрекетті материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қоргалады.";

3-тармақтың 4) тармақшасы "орындау" деген сөзден кейін ", ойындарды жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 13-баптың 2-тармағындағы "өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне, пайдалы модельге алдын ала патент беру туралы" деген сөздер "өнертабысқа инновациялық патент, патент, өнеркәсіптік үлгіге патент немесе пайдалы модельге патент беру туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Өтінім беруші өтінген немесе рұқсат берген не қылмыстық қудалау органдарының немесе соттың талабы болған жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган және сараптама жасау ұйымы қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланғанға дейін үшінші тұлғалардың өтінімге қол жеткізуіне рұқсат бермеуге тиіс.";

6) 17 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктө :

бірінші абзацтағы "өтінімге" деген сөз "өтінімде мынадай құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнертабыстың объектісін айқындастын және оның мәнін білдіретін өнертабыстың формуласы. Формула анық, нақты болуға және сипаттамаға негізделуге тиіс;";

7) тармақша алыш тасталсын;

екінші бөліктегі "өтінім беруге" деген сөздерден кейін ", сонымен бірге реcми сараптама жүргізуге" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өнертабысқа өтінім берілген күн сараптама жасау ұйымына осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген өтінім құжаттары түскен күн бойынша белгіленеді, ал егер көрсетілген құжаттар бір мезгілде тапсырылmasa, онда тапсырылған құжаттардың соңғысы түскен күні бойынша белгіленеді.";

4-тармақтағы "өтінімдерді жасау мен ресімдеуге" деген сөздер "өтінімді жасауға, ресімдеуге және қарауға" деген сөздермен аудыстырылсын;

7) 18 - б а п т а :

тақырыптағы және 1-тармақтағы "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен аудыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "қорғау құжаты", "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен аудыстырылсын;

3-тармақтағы "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен аудыстырылсын;

4-тармақтағы "жасау мен ресімдеу талаптарын" деген сөздер "жасауға, ресімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды" деген сөздермен аудыстырылсын;

8) 19 - б а п т а :

тақырыптағы және 1-тармақтағы "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен аудыстырылсын;

2 - т а р м а қ т ы н б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

1) тармақшадағы "қорғау құжаты", "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен аудыстырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

4-тармақтағы "жасау мен ресімдеу талаптарын" деген сөздер "жасауға, ресімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды" деген сөздермен аудыстырылсын;

9) 21 - б а п т а :

1 - т а р м а қ м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"1. Өтінім берушінің өтінім құжаттарына осы өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғанға дейін мәлімделген объектінің мәнін өзгертуелер мен нақтылаулар енгізуғе құқығы бар.

Осы өзгерістер өтінім түсken күnnен бастап екі ай ішінде енгізілген жағдайда төлем алынбайды.";

2-тармақтағы "үәкілетті орган қорғау құжатын беру туралы шешім қабылдаған күнге дейін жасалына алады" деген сөздер "тиісті төлем төленген жағдайда өнеркәсіптік меншік объектілерін тиісті Мемлекеттік тізілімде тіркеген күнге дейін жасалуы мүмкін" деген сөздермен аудыстырылсын;

10) 22 - б а п т а :

тақырыптағы "Өнертабысқа" деген сөзден кейін "патент беруге" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"1. Сараптама жасау үйымына келіп түсken өтінім бойынша осы Заңның 17-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар екендігі және оларға қойылатын талаптардың сақталуы тексеріледі; өтінім берілген күн анықталады. Егер өтінім осы Заңның 17-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларының талаптарын және осы құжаттарға қойылған

талаптарды қанағаттандырмаса, сараптама жасау үйымы өтінім берушіге бұл туралы хабарлайды және жетіспейтін және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етуді ұсынады. Өтінім беруші сұратылған және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда, өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күн белгіленгеннен кейін сараптама жасау үйымы ол бойынша ресми сараптама жүргізеді.

Ресми сараптама жүргізу барысында осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың бар екендігі және оларға қойылатын талаптардың сақталуы тексеріледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ресми сараптама аяқталғаннан кейін өтінім берушіге оның нәтижесі туралы хабарланады.";

6-тармақ алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ресми сараптама оң нәтижемен аяқталғаннан кейін сараптама жасау үйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімге мәні бойынша сараптама мәлімделген ұсынысты өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігін белгілеуді, техника деңгейін анықтау үшін мәлімделген өнертабысқа қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген объектінің (объектілердің) өнертабыс бірлігінің талабына және осы Заңның 6-бабында белгіленген патентке қабілеттілік шарттарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді қамтиды және өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленген жағдайда жүзеге асырылады.

Мәні бойынша сараптамаға ақы төлеу ресми сараптаманың нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау үйымына өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгендейгін растьтын құжатты берген жағдайда жүргізіледі.

Мәні бойынша сараптамаға ақы төленбegen жағдайда өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сараптама жасау үйымының қорытындысы негізінде уәкілдегі орган өнертабысқа патент беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім шығарады.";

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сараптама жасау үйымының теріс қорытындысы мына жағдайларда:

- 1) егер өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектілерге қатысты болса;
- 2) егер өтінім беруші ұсынылған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілердің болуы туралы немесе өнертабыс ретінде қорғалатын объектіден басқа,

өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтын болса немесе оған қатысты өнертабыс бірлігі талаптары бұзылуына байланысты қарау өткізілмегені туралы хабарланғаннан кейін өнертабыс формуласын өзгерпесе беріледі.
";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінім беруші сараптама жасау үйымының тиісті қорытындысы берілгенге дейін өтінімді қараудың кез келген сатысында инновациялық патент беру туралы өтінішхат бере алады. Бұл жағдайда сараптама осы Заңың 22-1-бабына сәйкес жүргізіледі.";

13-тармақтағы "5-10" деген цифrlар "4, 7, 8, 10" деген цифrlармен ауыстырылсын;
11) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Өнертабысқа инновациялық патент беруге арналған өтінімге сараптама

1. Сараптама жасау үйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңың 17-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар екендігі тексеріледі, өтінім берілген күн анықталады. Егер өтінім осы Заңың 17-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларының талаптарын қанағаттандырмаса, сараптама жасау үйымы өтінім берушіге бұл туралы хабарлайды және жетіспейтін құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етуді ұсынады. Өтінім беруші сұратылған құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда, өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Өнертабысқа инновациялық патент беруге өтінім берілген күн белгіленгеннен кейін сараптама жасау үйымы ол бойынша сараптама жүргізеді, оның процесінде осы Заңың 17-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың бар екендігі, оларға қойылатын белгіленген талаптардың сақталуы, өнертабыс бірлігі талабының сақталуы тексеріледі, мәлімделген шешімнің өнертабыс ретінде қорғалатын объектіге жататындығы туралы мәселе қаралады, сондай-ақ басымдық күні белгіленеді және мәлімделген шешімнің Қазақстан Республикасында патентtelген өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың негізінде берілген патенттерге, жарияланған еуразиялық өтінімдерге, қаралатын өтінімнің басымдық күніне дейін сараптама жасау үйымына берілген басқа өтінім берушілердің кері қайтарып алынбаған өтінімдеріне қатысты жергілікті жаңалығына тексеру, сондай-ақ өнеркәсіpte қолданылымдығына тексеру жүргізіледі.

2. Егер өтінім беруші өтінім бойынша осы Заңың 21-бабына сәйкес қосымша материалдар ұсынған болса, сараптама процесінде олардың мәлімделген өнертабыстың мәнін өзгертпейтіні тексеріледі.

Егер қосымша материалдарда өнертабыс формуласына енгізілуге тиіс және өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілер болса, олар өтінім берілген

өнертабыстың мәнін өзгертерді. Өтінімді қарau кезінде қосымша материалдардың өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертетін бөлігі назарға алынбайды және өтінім беруші оны дербес өтінім ретінде ресімдеуі мүмкін, бұл жөнінде өтінім берушіге хабарланады.

3. Өтінім құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге саяул жіберіліп, онда ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жоқ құжаттарды табыс ету ұсынылады.

Егер, өтінім беруші көрсетілген мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтініш хатты табыс етпесе, өтінім кері қайтарып алынған б о л ы п е с е п т е л е д і .

4. Өнертабыс бірлігі талаптарын бұза отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге оған тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде өнертабыстың қайсысы қаралуға тиіс екенін хабарлау және қажет болған жағдайда, өтінім құжаттарына нақтылаулар енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енген басқа өнертабыстар бөлектелген өтінімдермен ресімделуі мүмкін. Бөлектелген өтінімдердің басымдығы осы Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне өнертабыс бірлігі талаптарының бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысын қарau қажет екенін хабарламаса және нақтыланған құжаттарды табыс етпесе, формулада бірінші көрсетілген объектіні, сондай-ақ онымен өнертабыс бірлігі талаптарын қанағаттандыратындағы байланыстағы басқа да өнертабыстарды қарau жүргізіледі.

5. Егер сараптама нәтижесінде өтінімнің өнертабыстар ретінде қорғалатын объектілерге жататыны, құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкес келетіні анықталса және өтінім осы баптың 1-тармағына сәйкес жергілікті жаңалық және өнеркәсіптік қолданымдылық шартына жауап беретін ұсынысты сипаттайтын болса, өтінім берушімен келісілген формуладағы инновациялық патентке сараптама жасау үйымының о н қ о р ы т ы н д ы с ы беріледі.

Сараптама жасау үйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган өнертабысқа инновациялық патент беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

6. Сараптама жасау үйымының инновациялық патентке теріс қорытындысы:

1) егер өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектіге қатысты;

2) егер өтінім беруші ұсынылған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілердің болуы туралы немесе өнертабыс ретінде қорғалатын объектіден басқа, өнертабыс ретінде қорғалатын объектіге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтын немесе өнертабыс бірлігі талаптары бұзылуына байланысты оған қатысты қарau өткізілмеген туралы хабарланғаннан кейін өнертабыс формуласын өзгертушеген;

3) егер өтінім осы баптың 1-тармағына сәйкес жергілікті жаңалыққа және өнеркәсіптік қолданылымдылық шартына жауап бермейтін ұсынысты қамтыған ж а ғ д а й л а р д а беріледі.

Өтінім беруші сараптама жасау үйымының теріс қорытындысы жіберілген күннен

бастап алты ай мерзімде оған қарсылығын үәкілетті органға бере алады. Қарсылықты апелляциялық кеңес ол түскен күннен бастап екі ай мерзімде қарауға тиіс.

7. Өтінім беруші өтінімді қараудың кез келген сатысында, сондай-ақ патент иеленуші және үшінші тұлғалар инновациялық патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін техника деңгейін айқындау үшін ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтінішхат бере алады, өнертабыстың патентке қабілеттілігін бағалау онымен салыстырыла отырып жүзеге асырылуы мүмкін. Сараптама жасау ұйымы осы Заңың 6 -бабының 3-тармағына сәйкес өнертабыстар болып танылмайтын объектілерге қатысты ақпараттық іздестіру жүргізбейді, бұл туралы ақпараттық іздестіру туралы өтінішхат
б е р у ш і а д а м х а б а р л а н а д ы .

8. Сараптама жасау ұйымы өтінім берушінің өтінімді қараудың кез келген сатысында берілген немесе үшінші тұлғалардың инновациялық патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін берілген өтініш хаты бойынша, бірақ осы Заңың 5-бабының 3-тармағына сәйкес инновациялық патенттің қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда өтінім берілген күннен бастап үш жылдан кешіктірмей өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді. Мәні бойынша сараптама өтінімге мәні бойынша сараптамаға тиісті ақысы төленген жағдайда, сондай-ақ егер өтініш хатты өтінім беруші жасаған болса, инновациялық патенттің күшінде болуын қолдау кезінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Мәні бойынша сараптама осы Заңың 22-бабының 7-10 және 13-тармақтарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.";

1 2) 2 3 - б а п т а :

тақырыптағы "модель өтініміне" деген сөздер "модельге патент беруге арналған өтінімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сараптама жасау ұйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңың 18-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1)-4) тармақшаларында көзделген құжаттардың бар екендігі тексеріледі, өтінім берілген күн белгіленеді. Егер өтінім осы Заңың 18-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1)-4) тармақшаларының талаптарын қанағаттандырmasа, сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге бұл туралы хабарлайды және жетіспейтін құжаттарды (мәліметтерді) осында хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етуді ұсынады. Өтінім беруші сұратылған құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге
тиісті х а б а р л а м а ж і б е р і л е д і .

Сараптама жүргізу барысында осы Заңың 18-бабының 2-тармағында көзделген қажетті құжаттардың бар екендігі және оларға қойылатын белгіленген талаптардың орындалуы тексеріледі, өтінімнің басымдық күні, мәлімделген ұсынысты пайдалы модель ретінде қоргалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі айқындалады, пайдалы модельдің бірлігі тексеріледі.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "ресми" деген сөз алып тасталсын;

екінші бөлікте:

"ресми" деген сөз алып тасталсын;

"патентке" деген сөз "пайдалы модельге патент беруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде үекілетті орган пайдалы модельге патент беру не оны беруден бас тарту туралы шешім шығарады.";

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "ресми" деген сөз алып тасталсын;

13) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Өнеркәсіптік ұлгіге берілетін өтінімге сараптама

1. Сараптама жасау ұйымы өнеркәсіптік ұлгіге өтінім бойынша ресми сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізеді.

2. Ресми сараптама жасау сатысында осы Заңның 19-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар екендігі тексеріледі, өтінім берілген күн мен басымдық күні анықталады.

Өнеркәсіптік ұлгіге берілетін өтінім құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып ресімделген өтінім бойынша өтінім берушіге сауал жіберіліп, онда сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жетіспейтін құжаттарды т а б ы с е т у ұ с ы н ы л а д ы .

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтініш хатты табыс етпесе, өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Өнеркәсіптік ұлгіге берілген өтінімге осы Заңның 21-бабына сәйкес қосымша материалдар табыс етілген кезде олардың өтінім берілген өнеркәсіптік ұлгінің мәнін өзгертпейтін т е к с е р і л е д і .

Егер қосымша материалдарда өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілер болса, олар мәлімделген өнеркәсіптік ұлгінің мәнін өзгертереді. Өтінімді қарау кезінде қосымша материалдардың мәлімделген өнеркәсіптік ұлгінің мәнін өзгертеретін бөлігі назарға алынбайды және оны өтініш беруші дербес өтінім ретінде ресімдей алады, бұл туралы өтінім берушіге хабарланады.

Ресми сараптама аяқталғаннан кейін ресми сараптаманың нәтижесі туралы өтінім б е р у ш і г е х а б а р л а н а д ы .

3. Ресми сараптама оң нәтижемен аяқталғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімге мәні бойынша сараптама мәлімделген ұсныстың өнеркәсіптік ұлгі ретінде қорғалатын объектіге жатқызылуы мүмкіндігін анықтауды, көркемдік-конструкторлық шешім деңгейін айқындау үшін мәлімделген өнеркәсіптік

ұлгіге қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген шешімнің осы Заңның 8-бабында белгіленген патентке қабілеттілік талаптарына сәйкес келетініне тексеру жүргізуді қамтиды және өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгенін растайтын құжат ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

Өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгені туралы құжат ресми сараптаманың нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына табыс етіледі.

4. Өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізу кезеңінде сараптама жасау ұйымы өтінім берушіден онсыз сараптама жасау мүмкін болмайтын қосымша материалдарды, оның ішінде елеулі белгілердің өзгерілген тізбесін сұратуға құқылы.

Сараптама жасау ұйымының сұратуы бойынша қосымша материалдар сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгінің мәні өзгерілмestен та b y s e t i l u g e ти i c .

Қосымша материалдарға өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгеретін бөлігінде осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады. Егер өтінім беруші сұратылған материалдарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтініш хатты белгіленген мерзімде ұсынбаса, өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.

5. Сараптама жасау ұйымы, егер өтінімге мәні бойынша жүргілген сараптама нәтижесінде өтінім беруші сұраған көлемдегі құқықтық қорғау мәлімделген ұсынысы осы Заңның 8-бабында айқындалған өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда сараптама жасау ұйымы белгіленген басымдықты көрсете отырып, өтінім берушімен келісілген елеулі белгілер жиынтығымен бірге патентке оң қорытынды береді.

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілдті орган өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы не патент беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

6. Мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің өтінім беруші сұраған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі.

Сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы, егер өтінім өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалмайтын объектіге жататын болса және, егер өтінім беруші ол туралы хабарланғаннан кейін елеулі белгілердің жиынтығын өзгертушеген, елеулі белгілердің ұсынылған жиынтығында өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілер болған немесе өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектіден басқа, өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтын немесе өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптарының бұзылуына байланысты оған қатысты қарау жүргізілмеген жағдайда да беріледі.

7. Өтінім беруші сараптама қарсы қойған барлық материалдармен таныса алады. Сараптама жасау ұйымы өтінім берушінің сұратқан материалдарының көшірмелерін сұрау алынған күннен бастап бір ай мерзімде жібереді.

8. Сараптама жасау ұйымы осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген және өтінім беруші өткізіп алған мерзімдерді дәлелді себептер болған және өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіруге ақы төленгені туралы құжат табыс етілген жағдайда қалпына келтіру мүмкін.

Өтінім беруші мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш хатты өткізіп алынған мерзім аяқталған күннен бастап алты айдан кешіктірмей бере алады. Мұндай өтінішхат сараптама жасау ұйымына сараптаманың сұратылған материалдарымен немесе апелляциялық кеңеске жасалған қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.";

1 4) 2 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сараптама жасау ұйымы өнертабысқа патент беру туралы мәліметтерді өтінім берілген күннен бастап он сегіз ай, ал өнертабысқа инновациялық патент, пайдалы модельге патент, өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы мәліметтерді он екі ай өткен соң бюллетеньде жариялайды. Өтінім берушінің өтінішхаты бойынша сараптама жасау ұйымы мәліметтерді көрсетілген мерзімнен ерте жариялауы мүмкін.";

2-тармақ алып тасталсын.

5. "Тауар таңбалары, қызмет көрсете таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 776-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат):

1) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудың тәртібін анықтау;

2-2) тауар шығарылған жерлердің атауын тіркеудің және (немесе) тауар шығарылған жерлердің атауын пайдалануға құқық берудің тәртібін анықтау";

2) 17-баптың бірінші бөлігіндегі "үш жыл" деген сөздер "бір жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі "бес" деген сөз "үш" деген сөзben ауыстырылсын;

4) 29-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Өтінімдерді жасауға, ресімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді".

2-бап. Осы Зан реcми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК